

# Ескерткіш тақта ашылды

Қаламыздағы Северный көшесіне Ұлы Отан соғысының, ішкі істер органдарының ардагері, милиция полковнігі Болат Шәпеновтің аты беріліп, көшеге ескерткіш тақта қойылды.

Қыркүйектің 24-і күні өткен ескерткіш тақтаның ашылу салтанатына мекеме басшылары, Болат Шәпеновтің туған туыстары, дос-жарандары жиналды.

Болат Шәпенов 1926 жылы 26 желтоқсанда Баянауыл ау-

данында туған. Ашаршылық жылдары әке-шешесінен айрылып, Баянауыл балалар үйіне орналастырылады. 1943 жылы Баянауыл аудандық әскери комиссариатының шақырыммен әскерге аттанып, Ұлы Отан соғысина қатысты. Соғыста көрсеткен ерліктері үшін «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін» медальдарымен марапатталған.

Болат Шәпенұлы 1957-1982 жылдар аралығында Екібастұз қалалық ішкі істер бөлімінде қызмет атқарды.

Ардагердің тұнғыш ұлы Шаймаруар Болатұлы әкесі жайлар естелік шерте келіп:

- Әкем әрдайым «қызмет - қолдың кірі, ал халықтың саған деген сенімі, махаббаты мәнгілік» деген ұстанымды бізге, балаларына, үлгі етіп кетті, - деді.

25 жыл еңбегі ескеріліп, Болат Шәпенов «Мінсіз қызметі үшін», «Милиция үздігі» белгілерімен, алғыс хаттармен марапатталып, 1982 жылы милиция полковнігі шенінде демалысқа шыққан.

Ә.Орынтаева